

## Үржар ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бөліністерінің атауын өзгерту туралы

Бірлескен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 12 маусымдағы N 642 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 18/276-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 17 шілдеде N 2425 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, "Некрасовка ауылдық округінің атауын өзгерту туралы" Үржар аудандық мәслихатының 2006 жылғы 4 ақпандағы N 19-173-III және әкімдігінің 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 04 бірлескен шешімі мен қаулысының, "Алтыншоқы ауылдық округіндегі қызыл Жұлдыз ауылының атауын өзгерту туралы" Үржар аудандық мәслихатының 2006 жылғы 4 ақпандағы N 19-174-III және әкімдігінің 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 05 бірлескен шешімі мен қаулысының негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Үржар ауданының мынадай әкімшілік-аумақтық бөліністері:  
Некрасовка ауылдық округі Жоғарғы Егінсу ауылдық округіне;  
Алтыншоқы ауылдық округіндегі қызыл Жұлдыз ауылы Айтбай атындағы ауылына қайта аталсын.

2. Шешім Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*